



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ҚАЗҰУ «ТӨРТІНШІ БИЛІК» ӨКІЛДЕРІН ДАЯРЛАЙТЫН БІРДЕН-БІР ОРТАЛЫҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тәуелсіздігіміздің 20-жылдық мерейтойына арнап 20 инновациялық жобаны іске асыруды қолға алғаны белгілі. Қазірде университетте инновациялық бағытта арнайы бөлім жұмыс істейді. Бұл бөлімнің басты мақсаты – университеттегі ғылыми базаны кеңінен пайдалану арқылы ғылыми-зерттеу, ғылыми-тәжірибелік бағытта халықаралық деңгейде ғалымдар мен мамандардың әріптестігін арттыру болып табылады.

Инновациялық жобалар байқауының жеңімпаздары анықталды

Бұл бөлім инновациялық тұрғыдан жетістікке жету жолында университеттегі білім-ғылым бағыттарындағы жаңа идеяларды іске асырумен айналысады. Оның денгейін көтеруде қоғамдық ұйымдар, қалалық білім басқармалары секілді көптеген мекемелермен әріптестік бағытта жұмыс істейді. Оған қатысты 42 коммерциализацияға дайын инновациялық жоба топтастырылған каталог та шығарған. Инновациялық жобаларға қолдау білдіретін бөлімнің ғылыми-өндірістік қызметі ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесі, Ғылыми-техникалық кеңес және қара шаңырақтың Даму стратегиясы негізінде іске асырылады.

Осыған сәйкес, ҚазҰУ-дың республикалық деңгейде инновациялық жобаларды жүзеге асыруда алдыңғы қатарда көрініп отырғанын айта кетуіміз керек. Ол жақында ғана халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткен Ғылыми жобаларды коммерциализациялау кеңесінің ұйымдастырған халықаралық байқауында да анық көрінді. Осы байқау негізінде университетте өткен республикалық инновациялық жобалардың жеңімпаздарына салтанатты түрде сертификат табыстау рәсімінде біздің үш жобамыз жеңімпаз деп танылып, жетекшілері марапатқа ие болды.

(Жалғасы 3-бетте)



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде 21 маусым күні ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Қазақстан журналистерінің кәсіби мерекесіне арналған ерекше шара болып өтті. Еліміздегі ірі БАҚ басшылары мен өкілдері бас қосқан рәсімде олар журналистика факультетін биыл бітірген өз ізбасарларына мемлекетшіл тұлға болуға тілек білдіріп, дипломдарын салтанатты түрде табыс етті. Биыл ҚазҰУ-дың журналистика факультетін барлығы 118 түлек тәмамдады.

Мерекелік шараны журналистика факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор Есберген Алауханов ашып, республикамызға танымал бұқаралық

ақпарат құралдарының басшыларына бүгінгі салтанатқа ортақтасқандарына өз алғысын білдірді. Салтанатты кешке 40-қа жуық БАҚ-тың басшысы мен

өкілдері қатысты. Шарада құттықтау сөз сөйлеген ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов «Журналистер ой-танымының, біліктілігі мен кәсібилігінің ел дамуында үлесі зор. Баспасөз – халық айнасы. Біз бүгін қара шаңырақтан түлектер ұшырып, медиа-нарық қатарын жас буынмен толықтырып отырмыз.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАҒЫМ

СОТРУДНИЧЕСТВО

Жеңіс қадірі ерлік сабағында насихатталады

22 маусым – Ұлы Отан Соғысы басталған күн. Тәуба дейік бүгін бұл күн тек тарихта қалды. Осыдан жетпіс жыл бұрын Ұлы Отан соғысы басталып, Отанды қанға бояды. Алайда бұл соғыс – бабалар ерлігінің, батырлығының, ержүректілігінің салмағымен келмеске кетті. Ұлы Отан Соғысының басталған күнімен кейінгі ұрпақ тек тарихи естеліктерден ғана танысамыз. Бұл күнді еске алу – сол Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ардагерлеріміздің қайсарлығына деген құрметті ұлғайтып, жеңіс ұғымының қадірін ұғыну үшін қажет.

(Жалғасы 4-бетте)

Колумбийский Университет: курс для магистрантов

10 июня на имя ректора, академика Галыма Мутанова поступило официальное письмо от директора Института земли колумбийского университета, руководителя этой программы Джеффри Сакса о том, что Колумбийский университет приглашает наших магистрантов обучаться по курсу Института Земли. Трудно отрицать, что этот шаг значительно повышает рейтинг КазНУ, а также подтверждает его имидж как ведущего университета страны.

В настоящее время Казахским национальным университетом им. аль-Фараби совместно с Колумбийским университетом (Нью-Йорк, США) объявлен набор магистров и докторантов для обучения на курсе «Integrated Approaches to Sustainable Development Practice». Финалисты пройдут бесплатный курс обучения в КазНУ по программе Колумбийского университета.

Дисциплину будут вести профессора Джон МаккАртур и Джеффри Сакс из США. В КазНУ – профессор Колумбийского университета Рафис Абазов, а также руководитель программы - профессор Галия Ибраева. Проводится она под контролем первого проректора, профессора Мухамбеткали Буркитбаева.

Курс, который предлагает Колумбийский университет, называется «Интегрированные практики подходов к устойчивому развитию» и предназначен для магистрантов и докторантов. Он поддерживается фондом МаккАртуров и другими организациями США. Лекторы – ведущие крупные ученые и лауреаты Нобелевской премии, Пулитцеровской премии, работающие в Колумбийском университете.

Первая пробная интерактивная встреча с руководителями Глобал класса прошла при поддержке директора Колумбийского Центра Новых Медиа по преподаванию и обучению (CNMTL) Люсии Родригеса, преподавателя Эшли Кингдома, а также с участием профессора Колумбийского уни-

верситета, который специально приехал из Нью-Йорка в Алматы Р.Абазова.

В обучении принимают участие студенты 23 университетов Латинской Америки, США, Юго-Восточной Азии, Европы. Желающих стать партнерами Колумбийского университета достаточно много, но в числе иных был избран именно Казахский национальный университет им. аль-Фараби, который стал 24-м университетом, первым среди стран СНГ и Азии.

Курс «Интегрированные практики подходов к устойчивому развитию» предлагает лекции, специальную литературу по теме бесплатно. Лекции будут проводиться каждый вторник для всех 24-х вузов, каждый четверг эти же темы будут обсуждаться с профессором Колумбийского университета Р. Абазовым, который будет контролировать этот процесс в Алматы. Занятия будут проходить с 18.00 до 19.00 часов на 15 этаже ректората.

(Продолжение на 2 стр.)

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Бұл байқау ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Технология коммерцияландыру» әлемдік банкінің қолдауымен өтті. Оның мақсаты – әр саладағы мамандықтар бойынша ғалымдар зерттеулерінің коммерциялық маңызы мен ғылыми жетістіктерін көрсету. Жоба барысында бір апта бойы АҚШ, Германия, Сауд Арабиясы, Ресей халықаралық сарапшылары Қазақстан ғалымдарының ғылыми жұмыстарын қарап, нәтижесінде жас ғалымдардың 5 жобасы мен аға буын ғалымдарының 5 жобасы жеңімпаз ретінде танылып, қаржыландыруға ие болды. Сөйтіп, Ғылыми жобаны коммерциализациялау кеңесі байқауының нәтижесі бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Дүниежүзілік банк гранттарын инновациялық жобалардың авторлары – еліміздің 10 ғалымы иеленді. Байқау жеңімпаздарына қаржылай қолдау көрсетілетін сертификаттарды ҚР Білім және ғылым вице-министрі Мұрат Орынханов табыс етті.

2005 жылдан бері іске асып келе жатқан байқауға қатысушыларға М.Орынханов өз тарапынан алғысын білдірді. «Еліміздің ғылыми-зерттеу саласына сіздердің жасаған қадамдарыңызға мен өте қуаныштымын. Осы жобалардың іске асуына көп тер төгілсе, бүгінгі жетістік соның нәтижесі деуге болады. Сіздердің тәжірибелеріңіз ел экономикасын дамытуға қызмет ететін болса, біз оны үнемі қолдауға дайынбыз. Инновацияның дамуы – біздің артықшылығымыз бен басты басымдығымыз», - деді вице-министр.

Ғылым мен жобаны коммерциализациялау халықаралық кеңесінің төрағасы Гленн Швайцердің айтуынша, бірінші кезеңге еліміздегі барлық ғылыми орталықтарынан



жалпы 400 жоба қатысып, бұлардың ішінен 335-і таңдалып алынды. Күрделі болғандықтан іріктеу үдерісі 6 айға созылған. Ғылыми жобалардың жеңімпаздарын анықтау тұңғыш рет халықаралық сарапшылар деңгейінде қарастырылып отырғанын да айта кету керек.

Байқау қатысушыларының басым көпшілігі Алматы және Астана қалаларынан болған. Сондай-ақ, байқауға ГФР, Италия, Латвия, Ресей және Өзбекстан өкілдерінің жұмыстары да келіп түскен.

Ғылыми-техникалық жобаға қойылған басты талап Қазақстанның экономикалық дамуына зор үлес қосу әлеуетіне ие болу.

Халықаралық сарапшылардың мәліметіне жүгінсек, ғылыми зерттеу жұмыстары көбіне ауылшаруашылық (86), фармацевтика және

биотехнология (83) және нанотехнология (83) салаларына арналған. Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қаржылай сертификатқа ие болған жобаларының тізімінде «Химиялық-технологиялық процестер үшін жіктелген құрамында көміртегі бар материалдардың тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін жасау» жобасы (жетекшісі М.Наурызбаев), «Композициялық жамылғылардың өздігінен жазылту әдісін алу» жобасы (жетекшісі А.Соколов) және «Ұлттық сүтқышқылды өнімдерді өндірушілерге арналған стартерлер» жобасы (жетекшісі Г.Конуспаева) бар. Байқау нәтижесінде қаржыға ие болған бұл жобалар енді тәжірибелік тұрғыда жүзеге асатын болады.

Еңлік АҚЖІГТ

Университет комиссиясы өз қорытындыларын жариялады

20 маусымда өткен ҚазҰУ-дың ректорат мәжілісі «Хабар» телеарнасындағы «Қазақшаңыз қалай?» бағдарламасында жеңіске жеткен қазулық студенттерді басшылықтың құттықтауымен бас-талды. Ректор Ғалымқайыр Мұтанов жеңімпаздарды арнайы марапаттады.

Республикалық университетаралық жарыста ҚазҰУ-дың «Достар» тобы қазақ тілін жетік меңгергендерін дәлелдеп бақты. Нәтижесінде алғырлық танытып 1-ші орынды иеленді. Топ құрамында филология факультетінен Жанна Верещак, Дина Тильман, Анастасия Перетьяко, Дарья Жигальцова, Нигара Бавдинова, Азиза Даутова, Жұлдыз Абдуллаева және халықаралық қатынастар факультетінің студенті Александр Юрченко бар.

Салтанатты құттықтаудан кейін мәжіліс әдеттегі тәртібі мен жоспары бойынша жалғасты. Кафедралардың оқу және әдістемелік әлеуеті жөнінде Науқан Асановтың баяндамасы тыңдалды. Онда мемлекеттік тілде оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталу жағдайы мен келесі оқу жылында ретке келтіруге тиісті бағыттар қаралды.

Сонымен қатар, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Рамазанов өз ақпарында ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық құрамын жасаушы кафедралардың рейтингісіне шолу жасап, қорытынды есептерімен таныстырды. Зерттеу университетіне айналуға проректор Тілекқабил Рамазанов барлық факультеттердің кафедраларын 2008-2011 жылдар аралығындағы уақытпен, негізгі 3 талап бойынша қарастырған. Әлемдік зерттеу университеттерінің көрсеткіштерін негізге ал отырып, кафедралардың ғылыми бағыттағы көрсеткіштері белгіленіп, алдағы уақытта ғылыми-инновациялық зерттеу жұмыстарын арттыру жолдары айтылды.

Оқу жылының соңы болғандықтан, бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев 2011-2012 оқу жылына арналған кафедралардың құрылымдық бөлімдері мен оқытушы-профессорлар құрамының рейтингін қарастырған. Университет комиссиясы тарапынан кафедралардың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық қызметі мен оқытушы-профессорлар құрамы, факультет пен кафедралардың өзін-өзі бағалау анкетасының қорытынды жұмыстарына берілген баға арнайы дайындалған слайдтан көрсетілді.

Еңлік АҚЖІГТ

Колумбийский университет: курс для магистрантов

(Начало на 1 стр.)

Результативность курса будет оцениваться по посещаемости, дисциплине, участию в интерактиве и другим критериям. По рекомендации руководителей достойные студенты получат по окончании курса сертификат.

Стоимость каждого сертификата – 4 тыс. долларов США, но студентам КазНУ Колумбийский университет предоставляет гранты, которые полностью покрывают все расходы.

К кандидатам, желающим принять участие в конкурсе, предъявляются определенные требования, в частности, обучение в магистратуре или докторантуре КазНУ, свободное владение английским языком, минимальный GPA – 3.5 / 4.00, рекомендация декана факультета.

Если вы приняли решение, вам необходимо предоставить Мотивационное письмо в форме эссе, резюме (не более 1 стр.), рекомендательное письмо (не более 1 стр.), пройти экзамен по английскому языку в форме собеседования в интерактивном режиме. Срок подачи заявок - с 13 июня по 10 августа (до 17.00 времени Астаны). Заявки, поступившие позже, рассматриваться не будут.

В случае необходимости ректорат может запросить у заявителя дополнительную информацию, имеющую отношение к участию в конкурсе. Заполненные заявки, которые не рецензируются и не возвращаются, должны быть отправлены на электронный адрес: globalclass@kaznu.kz. Кроме того, ректорат не дает объяснений по поводу отклоненных заявок.

Собеседование пройдет 15-16 августа в 10.00 часов в 201 аудитории Высшей школы экономики и бизнеса. Зачисление состоится 19 августа. Предполагается, что 6 сентября уже начнутся занятия.

Если вам нужна какая-то дополнительная информация - можете обратиться к руководителю программы - профессору Галие Жунусовне Ибраевой: +7 (727) 377 32 64, эл. почта – galiya.ibrayeva@kaznu.kz.

Вы можете спросить в чем преимущества предлагаемого курса? Один из основных его плюсов в том, что он может стать основой для интеграции в учебную программу магистратуры Колумбийского университета, что позволит получать двойные дипломы.

Ирина ПИЛЬГУК

КОНФЕРЕНЦИЯ

Жақында жалпыуниверситеттік шет тілдер кафедралары мен шетел филология кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған “Шетел тілін оқытудағы инновациялық технологиялар” атты Республикалық конференциясы өтті.

және “Жаңа көзқарасты маман дайындаудағы үш тілді оқытудағы келешегі” атты секцияларда жалғасты.

Баяндамашылар мемлекеттік тіліміздің де беделін арттырудан айналып өтпеді. Мысалы, ҚМЭБИ-дің оқытушысы Л. Ерменбаеваның “Қазақ тілін online технологиялар арқылы оқыту

Тіл меңгеру әлеуетті арттырады

Конференцияға Алматыдағы университеттер мен еліміздің әр қаласындағы жоғары оқу орындарының профессорлары, шетелдік білім ордаларының ғалымдары қатысты. Онда оқытушылар шетел тілін оқытудағы инновациялық технологиялар бойынша теориялық, әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстары мен ой-пікірлерін ортаға салып, тәжірибе алмасты.

Конференцияның кіріспе сөзбен ашқан университетіміздің бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев ағылшын тілінде еркін сөйлеп, зерттеу университетінің білім беруіне және студенттердің академиялық үдерісіне қатысты шетел тілін оқытудағы өзекті мәселелер жайында баяндады.

Конференция жұмысы “Қазіргі білім беру үдерісінде шетел тілін оқытудың теориялық және методологиялық негіздері”, “Шетел тілін оқытудағы инновациялық технологиялардың қолданылуы”

мәселелері” атты баяндамасы заманауи технология күшімен тіл үйренудің тиімділігін нұсқады.

Баяндамашылар жаңа инновациялық технологияларды қолдану барысында баяндамаларды қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқыса, жас мамандар арнайы постерлік баяндамаларын дайындады.

Шара барысында Британдық Масmillan басып шығарушы компаниясының Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің кітапхана ұжымы ұйымдастырған көрмеде жаңа заман талабына сай ағылшын тілі оқулықтарымен университет оқытушыларының шетел тілін оқытуға арналған еңбектері, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарымен танысуға мүмкіндік туды.

Әсел ШАЯХМЕТ,
1-ші гуманитарлық шет тілдер кафедрасының меңгерушісі

ДИСКУССИЯ

РУМС: новые идеи в новом формате

17 июня в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялось очередное заседание секции гуманитарных и естественнонаучных специальностей Республиканского учебно-методического совета (РУМС) высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки РК с участием проректоров вузов Казахстана.

Сегодня перед секцией РУМС стоят конкретные задачи, от реализации которых зависит качество образования и конкурентоспособность специалистов. РУМС - это площадка для обмена мнениями, дискуссий, действенный институт для реализации передовых идей и эффективного сотрудничества вузов, - отметил ректор КазНУ им. аль-Фараби, председатель секции РУМС Ғалым Мұтанов.

Активное обсуждение на заседании вызвал один из актуальных вопросов в сфере образования - совершенствование перечня специальностей в Классификаторе, который должен постоянно обновляться и корректироваться с учетом потребностей рынка труда. Было отмечено, что в Классификаторе необходимо включение наиболее востребованных на сегодняшний день специальностей, отвечающих требованиям социально-экономического развития Казахстана.

Нынешнее заседание РУМС состоялось в новом формате - с обсуждением в рабочих группах актуальных вопросов, касающихся компетентност-

ного подхода к проектированию модульных программ, совершенствования новых форм самостоятельной работы, реализации академической мобильности в рамках казахстанской модели перезачета кредитов по типу ECTS. В ходе работы трех групп проректор по учебной работе, заместитель председателя секции РУМС Гульнар Балакаева ознакомила членов РУМС с новыми подходами университета, направленными на совершенствование учебного процесса.

На заседании были рекомендованы к утверждению МОН РК 8 учебников и присвоению грифа РУМС 42 учебным пособиям. Кроме того, были рекомендованы к утверждению МОН РК 193 типовые учебные программы по 21 специальности бакалавриата, магистратуры и докторантуры.

По итогам заседания были выработаны рекомендации и предложения по основному направлению образовательной деятельности.

Гульнар НАСИМОВА



(Басы 1-бетте)

Бұл түлектер жоғары білікті мамандар қатарын құрап, киелі орда үмітін ақтайды деп сенеміз», - дей келіп, еліміздің бұқаралық ақпарат саласында еңбек етіп әрі білім ордасының абырой-беделін арттыру жолында белсенді қызметтер атқарып жүрген республикамыздың беделді басылымдарының бас редакторларына және журналистерді даярлаудың ұстаханасына айналған қара шаңырақта еңбек етіп, тәлімді де, тәрбиелі шәкірт даярлап жүрген ұстаздарға өз атынан «Алғыс хат» ұсынып, кәсіби мерекемен қалың жұртшылықты құттықтады. Университет басшысының арнайы алғысына

ры – Редакторлар кеңесінің төрағасы Ж.Кенжалин мен «Айқын» газетінің директоры-бас редактор Н.Жүсіп сөз алып, бітіруші өрендерге өздерінің ақ тілектерін арнады, өмірдің үлкен жолына аттаған қадамдарына сәттілік тіледі.

Ал ҚР Президенті әкімшілігі баспасөз қызметінің Алматы бюросының жетекшісі В.Жандәулетов: «Бүгін республикамыздың журналистер қоғамдастығының қатарына еліміздің ең озық университетінен жаңа мамандар қосылды, бұл біз үшін өте қуанышты жағдай. Құрметті түлектер, қазір сіздердің алдарыңызда Қазақстан Республикасы журналистикасының корифейлері отыр, осы ағаларыңнан үлгі алыңдар және



Ұ.Есдәулет, ҚР Президенті сыйлығының иегерлері С.Әбдірахманов, М.Құлқенов, Н.Жүсіп, Ш.Пәттеев, Е.Қыдыр, ҚР «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Б.Жақып, Б.Әшірбаев, Ғ.Мүсіреп, Ж.Әшімжан және тағы да басқалар бар.

Факультеттің іргетасы Х.Бекхожин, Т.Амандосов, Т.Қожакеев, М.Барманқұлов, Н.Омашев, Б.Жақып сияқты қазақ журналистикасы теориясының негізін салушы ғалымдар арқылы қалыптасты. Факультет ғалымдарының ғылыми зерттеулері БАҚ саласында қызмет атқарып жүрген тәжірибелі журналистердің, шетелдік ғалымдардың, ҚР Үкіметінің идеологиялық құрылымдарының сұранысын қамтамасыз етеді.

Журналистика факультетінің ғалымдары АҚШ-та, Германияда, Түркияда, Қытай және тағы да басқа елдерде өтетін семинарлар мен ғылыми конференцияларға қатысып тұрады. Факультет Колумбия университетімен (Нью-Йорк, АҚШ), Оклахома Мемлекеттік университетімен (Стилуотер, АҚШ), Дьюк және Чапел-Хилл университеттерімен (Солтүстік Каролина, АҚШ), Квинленд университетімен (Австралия), Цукуба университетімен (Жапония) тығыз байланыс орнатқан. Факультет ұжымы ЮНЕСКО-ның коммуникацияларды дамыту жөніндегі Халықаралық бағдарламасымен (МІРК), Интерньюс-Қазақстан, ТҰА, сонымен қатар БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және т.б. халықаралық ұйымдарымен бірлескен жобаларға қатысады. Факультет магистранттары халықаралық деңгейдегі жоғары дәрежелі сертификатқа қол жеткізе алатын Колумбия университетінің қашықтықтан оқыту курсы бойынша дәріс алады. Факультетте аймақтық БАҚ өкілдеріне арналған қашықтықтан оқыту бағдарламасы жүзеге асырылған. Факультет оқытушылары мен студенттері шетелдік жоғары оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдарында шығармашылық білімін жетілдіреді.

Қазір факультетте білімді әрі тәжірибелі оқытушылар, ғылыми атағы бар ғалымдар мен БАҚ саласының тәжірибелі мамандары жұмыс істейді. Олардың ішінде 12 ғылым докторы, профессорлар және 30-дан аса ғылым кандидаты бар.

Факультетте профессор М.К.Барманқұлов атындағы студенттердің оқу телестудиясы мен саңдық заманауи технологиямен жабдықталған радиостудия жұмыс істейді. Мұнда студенттер эфирге шығатын жаңалықтар, ток-шоу мен телерадиосұхбаттар дайындап, жастарға арналған ойын-сауықтық бағдарламалар мен деректі фильмдер түсіріп, алған теориялық білімдерін тәжірибемен сәтті ұштастыра алады.

Факультетімізді биыл тәмамдап, журналистиканың қара қазанында қайнау бақыты бұйырған шәкірттерімізге қара шаңырақты ұлықтауды дәстүрге айналдырып, әрқашан да тағзым етіп жүретін аға-апаларының ізгі істері оларға үлгі болса екен дейміз.

Орынтай ОШАНОВА,
журналистика
факультетінің доценті

ҚАЗҰУ «ТӨРТІНШІ БІЛІК»

ӨКІЛДЕРІН ДАЯРЛАЙТЫН БІРДЕН-БІР ОРТАЛЫҚ



біліктіліктерін жетілдірген студенттеріміз журналистика факультетінің профессор Т.Қожакеев атындағы акті залында осылайша тебіреніске толы сәтте бас қосты. Біздің биылғы бітіруші түлектеріміздің арасында қазақ эстрадасының танымал жұлдызы Мәдина Сәдуақасованың да бар екенін ерекше атап өтуге болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті - киелі білім ордасы. Журналистика факультетінде БАҚ-тың барлық саласында қызмет ететін 18 мыңнан аса жоғары білікті ма-

ие болғандардың ішінде ҚР Президенті әкімшілігі баспасөз қызметінің Алматы бюросының жетекшісі В.Жандәулетов, «Егемен Қазақстан» газеті Алматы бюросының жетекшісі Қ.Аманжол, «Хабар» телеарнасы продюсерінің орынбасары А.Сқабылұлы, Қазақ радиосының директоры Ғ.Мелдеш, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, «Литер» газетінің бас редакторы А.Ю.Тараков, «Жас өркен» ЖШС-ның директоры Ж.Қорғасбекұлы, «Түркістан» газетінің бас редакторы Ш.Паттеев, «Ана тілі» газетінің бас редакторы С.Ыбырайым, «Қазақстан-Заман» ЖШС-ның бас директоры Ахмет Аяз, «Дала мен қала» газетінің бас редакторы С.Парманқұл, «Central Asia Monitor» газетінің бас редакторы Б.Ғабдуллин, «31-телеарнаның» бас директоры Н.Мұхамеджанова, «Қазығұрт» баспасының директоры Т.Көпбаев, «Заң» газетінің журналисі А.Әлім, «Қаламгер-медиа» директоры Ж.Әшімжан сияқты қара шаңырағымыздың танымал түлектері бар. Ал журналистика факультетінен аталған мәртебелі марапатқа декан, з.ғ.д., профессор Е.Алауханов, бұқаралық коммуникация теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор С.Қозыбаев, баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының меңгерушісі, доцент С.Медеубекұлы ие болды.

ең бастысы, өздерің таңдаған мамандыққа адал қызмет жасаңдар», - деген ақ ниетін білдірді.

Өз кезегінде сөз алған «Қазақ» газетінің бас редакторы Қоғабай Сәрсекеев: «Мен журналистика факультетін 48 жыл бұрын бітірген түлектердің бірімін. Сендер бақытты ұрпақсыңдар, егер араларыңда жақсы жазатын журналистикаға төселген студенттер болса, қазір-ақ «Қазақ» газетіне жұмысқа шақырамын. Сендерге айтарым, әр уақытта адал болыңдар, жүректерің таза болса ғана шындықты жаза аласыңдар. Әділеттің ақ жолынан таймаңдар», - деген көңілінен шыққан шынайы пікірін айтты.

Бұл салтанатты кештің бір ерекшелігі, факультетті ең жоғарғы көрсеткішпен тәмамдаған түлектерге дипломды университет ректоры Ғ.Мұтановтың өзі тапсырды. Ал қалған бітірушілерге дипломды жоғарыда аты аталған республикалық БАҚ басшылары мен елімізге танымал беделді журналистер табыс етті. Мұндай шараның тәрбиелік мәнін жүздері бал-бұл жанған түлектердің келбеттерінен анық аңғаруға болады.

Мерекелік шараға қатысқан қазақтың рухани көзі мен үніне айналған басылымдардың және телерадиоарналардың басшылары журналистика факультетінің бүгінгі келбетінің заманға сай жаңарып, жаңа тынысының ашылғанын тілге тиек етіп, ол үшін факультет басшысы Е.Алаухановқа өз алғыстарын



айтты және бүгінгідей ізгі дәстүр өз жалғастығын тапса деген тілектерін де білдірді.

Салтанатты кеш соңында журналистика факультеті Ақсақалдар алқасының төрағасы, профессор Ә.Ыдырысов бітіруші студенттерге «Түлектеріміз университетіміздің абыройын әрқашанда асқақтатып, бүгінгі мерекелік шараның сыйлы қонақтары болып отырған республикаға танымал БАҚ басшылары сияқты биік-биік дәрежелерге жетіп, Қазақ елінің асқақ мәртебесі үшін қызмет етеді деп сенемін» деген тілегін айта келіп, өзінің ақ батасын берді.

Университетіміздің мақтаншытары, майталман журналистер мен ҚазҰУ сияқты қасиетті оқу ордасының қабырғасында 4 жыл білім алып, өздерінің кәсіби білімдері мен

ман даярланған. Факультет алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен тығыз шығармашылық байланыс орнатқан.

Факультет түлектері ҚР Парламенті мен Үкіметтің түрлі басшылық орындарында, республикалық, облыстық мерзімді баспасөз салаларында, телевизия мен радио, кітап баспалары, қоғаммен байланыс, жарнама агенттіктері, шетелдік тілшілер бөлімдерінде абыроймен қызмет атқару үстінде. Факультет мақтаншыларының қатарында ҚР Парламенті сенатының депутаты Қ. Сұлтанов, ҚР Мәдениет министрі М. Құл-Мұхаммед, ҚР Президенті телерадиокешенінің президенті Е. Бекхожин, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Ш.Елеуқенов, Қ.Салғараұлы,



БІЛІМ ӘЛЕМІНІҢ «Ұзақ көктемі» – Цзилинь

Мен, әл-Фараби атындағы халықаралық құқық мамандығы бойынша ҚазҰУ-дың PhD докторанты 2011 жылғы мамыр айында Чанчунь қаласындағы (ҚХР) Цзилинь университетінде ғылыми тағлымдамадан өттім. Шетелдік ғылыми жетекші профессор, PhD докторы На Ли және отандық жетекші ҚазҰУ доценті Ж.Т. Сайрамбаева кәсібилікке жетуге жетеледі.



Цзилинь университеті қытайлық оқу орны болғанымен, ағылшын тіліндегі халықаралық қатынастар мамандығы – шетелдік стандарттарға сай жасалған бірегей бағдарлама екен, яғни бұл бағдарламада тек шетелдіктер ғана оқиды және профессорлық-оқытушылық ұжым да шетелдіктерді қамтиды. Сонымен қатар АҚШ-тан, Австралия, Англия, және Қытайдың басқа университеттерінен алдыңғы қатарлы профессор-ғалымдар шақырылып, жиі дәріс оқып тұрады.

Цзилинь университеті Қытайдың Солтүстік-шығысындағы Цзилинь провинциясы, Чанчунь қаласында орналасқан. Чанчунь сөзі қытай тілінен аударғанда «ұзақ көктем» деген мағынаны білдіреді. Көктемі ұзаққа созылатын қала шығар деген үміт болды. Алайда Чанчунь қаласының қысы біз ойлағандай емес, 6 айға созылатын ұзақ та, көктем мезгілі мүлдем қысқа болып шықты. Сондықтан ауа-райының қатаңдығынан шаршаған жергілікті қытайлықтар көктемнің ұзақтығын аңсап, қаланы солай атаған болса керек. Чанчунь қаласы 7 млн халқы бар үлкен қала болғанымен, Қытай үшін бұл кішігірім, тыныш қала саналады. Бұл қалада Қытайдың ірі химия және автомобиль өнеркәсіп орындары шоғырланған. Цзилинь университеті 1946 жылы құрылған

және көлемі бойынша Қытайдағы ең үлкен университет саналады. Өйткені ол Чанчунь қаласында орналасқан бірнеше университетті біріктірген 8 кампустан тұрады. Сондықтан кейде қытайлықтар «Цзилинь университеті Чанчунь қаласында емес, Чанчунь Цзилинь университетінде орналасқан» деп те қалжыңдайды. Сонымен қатар аталмыш университет Қытайдағы жетекші 10 университеттің қатарында. Университеттің кітапхана қоры 5.26 млн кітапты қамтиды. Қытай елінде таңғы сағат алтыдан бастап дене жаттығуымен айналысып жатқан стадион толы жастар немесе көпшіліктен оқшауланып скрипкада ойнауда жаттығып жатқан қытайлық студенттерді көргенде еріксіз таң қалып сүйсінесіз.

Жас ізденушіге осылайша әсерге толы сапар, кәсібилікке толы ғылыми өтілім ұсынған, әрдайым жөн сілтеп, әлемнің өткені мен қазіргі шынайы бейнесін танып білуге және оны дұрыс сараптауға баулитын халықаралық қатынастар факультеті аймақтану және әлемдік экономика кафедрасының ұжымына айтар алғысым шексіз. Мен үшін жоғарғы білімнің негізін қалап берген ҚазҰУ-дың орны ерекше.

Зулфия БАЙМАҒАМБЕТОВА,
ҚазҰУ-дың PhD докторанты

ТӘРБИЕ

Жеңіс қадірі ерлік сабағында насихатталады

қосқан тікелей үлесі мен камқорлығының арқасында жүзеге асып отыр. Ерлік сабағы галереядағы «ҰОС жылдарындағы университет» экспозициясына гүл шоқтарын қоюмен басталды. Университет басшылығы атынан құттықтау сөздер айтылды. ҚазҰУ мұражайының директоры б.ғ.д. Тамара Тәжібаева шараның жас ұрпаққа берер тәлімдік мағынасының зор екендігіне тоқталды. Сабақ барысында қонақтар музейдің 3 залын тамашалап, университеттің тарихы, жетістіктері және болашағы жайында мағлұматтар алды. «Ұлы Жеңіс!» атты бейне-презентация және «Сұм соғыс іздері», «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер», «Ұлы Отан соғысы - халық соғысы» т.б. бөлімдерден тұратын бейнефильмдер көрсетілді.

Мұражайдың тарих галереясында орналасқан «Университет соғыс жылдарында» деп аталатын сөредегі жәдігерлер оқу орнының осы қиын-кесті уақыттағы ерен еңбегін, майданға аттанған қызметкерлері мен студенттерінің жеңіске қосқан үлестерін паш етеді. Онда қойылған майдангерлік суреттер, «үшбұрышты» әскери ұшбу хаттар, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құжаттары, ордендері тарих ізі сақталған алуан түрлі заттары кімге болмасын қатты әсер қалдырады. «Фашистерді аяусыз қырғынға ұшыратып жатырмыз. Олар әлсіздер алдында күшті де, ал күштілер алдында түкке де тұрмайды...» - деп жазған еді математик Тұрар Сатыбалдин университетке жіберген хатында (1945 жылы Венгриядағы Балатон көлінің маңында ерлікпен қаза тапқан).

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дан Ұлы Отан соғысына өз еркімен 287 адам аттанды, оның 50-і соғыстан қайтпай қалған боздақтарға айналды. 1941-1945 жылдары оқу орнында жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы ел қорғанысының мүддесін қорғады. Зертханалар мен шеберханалар ұйықтататын сұйықтықты, глюкозаны, тұзды қышқылын, хлорэтилды, радиоэлектр шамдарын шығаруды меңгерді. Ай сайын жүз келіден аса дәрі-дәрмек, химикат, 5 мың электрошамымен, 14 мың рентгенопластин және т.б. шығарылды. Академиялық топтарда дәріс және семинарлармен қатар әскери қорғаныс мамандықтары мен әскери санитарлық істі оқытып, үйрететін сабақтар енгізілді.

Қазақ ұлттық университеті қайтпас қайсарлықтың үлгісі болған – А. Попов, Ф. Жұматов, В. Фурсов, С. Бәйішев, Х. Сүйіншалиев, Ш. Құсанова, Н. Петрова, У. Шәлекенов тағы көптеген майдангерлерді әрдайым мактан тұтады!

22 маусым – Ұлы Отан Соғысы басталған күнді еске алу – батырлар ерлігіне деген тағзымды, ұрпақтар бойындағы патриоттық сезімді арттыра түсері анық.

Ардақ ЖҮМЕКЕҚЫЗЫ,
Асия ДАЛИБАЕВА,
музей қызметкерлері

Өткен тағлымдардан тек жағымды әсер қалды. Оқу үшін, білімді шыңдау үшін, ғылыми жетілу үшін және салауатты өмір салты үшін барлық жағдай жасалды. Өз білімді, өз әлемнің шекарасын кеңейтетін бірден-бір теңдессіз мүмкіндік. Ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қызықтырған нақты мәселелерге қатысты өздерінің озат тәжірибелерімен бөліскен Ұлыбританияның профессоры Chris Rodgers Newcastle Law School (Newcastle University), ғылыми жетекші профессор На Лиденнің дәрістік және тәжірибелік сабақтарынан курс тыңдадық. Сондай-ақ қызықты және танымдық семинарларға қатыстым.

Алғашында, «Аспан асты еліне» жеткенімде, барлығы таңсық, бейтаныс болып көрінді. Дегенмен, мені Цзилинь университеті өзінің жауапкершілігімен, жақсы ұйымдастырылған жұмысымен тәнті етті. Уақыттың әжептәуір кеш екендігіне қарамастан, университет өкілі әуежайдан жылы шыраймен қарсы алып, шетелдік студенттерге арналған жатақханаға орналастырды. Одан кейін оқытушылармен және курстас студенттермен танысу рәсімі кезек алды. Танысу, тіптен қызыққа толы әсерлі болды, себебі топтағы студенттердің барлығы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған. Атап айтсақ, Африка, Латын Америка, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен, және Мұхиттық аралдардан да бар. Топтағы студенттер барлығы өте бауырмал, тіл табысқыш, ұйымшыл болып шықты.

Сабақ ағылшын тілінде өтті. Іс жүзінде,

Тіл және әдебиет – басты құндылық

Рухани адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі тіл мен әдебиет пәндерін оқытумен де тығыз байланысты екендігін қашанда биік ұстайтын филология факультеті білім ғана емес, тәрбие бесігі де. Факультетте ілгеріден келе жатқан тәрбие жұмыстарының бай ұлттық дәстүрі бар. Филология факультетіндегі тәрбие жұмысының жоспары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы Тұжырымдамасына сәйкес жасалынған. Тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – студент жастарды отаншылдық, патриоттық және ұлттық рухта тәрбиелеу болып табылады.

Факультет басшылығының бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарының негізгі арнасы студенттердің азаматтық ұстанымының, мәдени құндылықтарының, білімге деген құлшыныстарының қалыптасуына, университеттің өзіндік дәстүрін сақтай біліп, кәсіби саласы мен еңбек нарығында дұрыс бағдар ұстауына жағдай жасау болып табылады.

Филология факультетінде мемлекеттік тілді, қазақ ұлттық дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметті дамытуға зор мән беріледі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Үш тұғырлы тіл» жобасы негізінде жасалған «Мамандардың тілдік дайындығы Тұжырымдамасы» шеңберінде мемлекеттік және басқа тілдің коммуникативтік қызметін кеңейтуге бағытталған көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Факультеттегі студенттері жыл сайын өтетін республикалық «Ана тілі -

2011» аруы байқауында өнер көрсетіп жүр. Биыл студентіміз Әшірәлі Әйгерім «Ана тілі - 2011» аруы байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Бұл факультетіміздің қыз бала тәрбиесін басты назарда ұстап отырғандығының айқын белгісі болса керек. Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатевтың туғанына биыл 80 жылдығын атап өтті. Университетаралық және факультетаралық Мұқағали өмірінің шығармашылығына арналған әдеби сайыста факультетіміздің студенттері бас жүлдені қанжығаларына байлады. Бұл қол жеткізген табыс студенттердің білімді өз мамандықтарына сай игеріп жатқандығын танытады. Қасиетті қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын студенттердің «Студенттік көктем» атты мереке өткізу дәстүрге айналған. 2011 жылдың көктеміндегі өткізілген «Студенттік көктем»

мәдени мерекесінде факультет студенттері өз өнерлерімен оза шауып, 1 орынды жеңіп алды.

Университет басшылығы тарапынан бекітілген тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес оқу жылы ішінде факультетте және жатақханада азаматтық-патриоттық, адамгершілік-рухани тәрбие беру мақсатында шығармашылық кездесулер, білім сайыстары, дөңгелек үстелдер, мерекелік кештер, сайыстар өткізіліп тұрады. Факультетте бірнеше студенттік клубтар білімгерлердің ізденісін, белменділігін арттыруға үлес қосады.

Факультетте 56 куратор-эдвайзер еңбек етеді. Болашақ филологтардың көркемөнерге құштарлығын арттырып, олардың бойында эстетикалық-тағылымдық тәрбиесін күшейту, өнерді насихаттау барысында театр, кинотеатр, концерттерге, кинофильмдерге үнемі үзбей барады.

Жатақханада жалпы 456 орын болса, оның 69-ы белсенді студенттер мен оқу үздіктеріне жыл бойғы жеткен оқу мен тәрбие саласындағы табыстары мен жетістіктері үшін берілгелі отыр.

Жұлдыз ЕСИМОВА,
филология факультеті деканының
тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Еңлік АҚЖІГІТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10410

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.